

"6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бойынша Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының **“Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері”** (10-11-сыныптар) тақырыбындағы Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

П І К І Р

Докторант Креативті тұлғаға "ойлауы мен сөйлеуі жоғары деңгейде көрініс табатын, кез келген заттан, мәліметтен, құбылыстан тың идея көре білетін, ұлттық әрі жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, жаңаша ойлай алатын, тілдік қатынас мәдениеті дамыған шығармашыл адам" деп анықтама бере отырып, бүгінгі қоғамда мұндай тұлғаны қалыптастыруға кедергі келтіріп отырған қайшылықтарды көрсеткен: мектептегі қазақ тілін оқыту жүйесінде креативті тұлға даярлау мақсатын іске асыруға қажетті тетіктердің жүйесіздігі; креативтілік пен тілдік қатынасты дамытуға ықпал ететін дәстүр мен инновация тоғысының қажеттілігі мен оны жүзеге асыратын әдістемелік жүйе арасындағы қайшылықтар. Осы қайшылықтардың шешімін табуы зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады.

Педагогика ғылымының заңдылығы бойынша оқыту мен тәрбиелеу үнемі қатар жүретіні белгілі. Креативті ойлау арқылы ТҚ дамытуды білім алушының құндылықтық бағдарын қалыптастырумен бірлікте қарастырып, оқушының өзгеше шешім жасай алу іскерлігі өзінің жеке басына ғана қатысты емес, бүкіл қоғамға пайдалы болуымен құнды деген тұжырым жасалады. Яғни, жай ғана креативті оқушы емес, адами құндылықтарды бойына сіңірген креативті оқушы ғана қоғамға пайда әкеле алады.

Еңбекте зерттеу тақырыбына қатысты «креативті ойлау» мен «тілдік қатынас» ұғымдары сараланған. «Креативті ойлау» ұғымының мәнін ашуда Дж.Гилфорд пен Э.П.Торренс (олар ойлауды екіге бөліп қарастырды. Оның біріншісіне шығармашылық ойлауды, ал екіншісіне креативті ойлауды жатқызады.) және Д.Б.Богоявленская, В.Н.Дружинин, А.Н.Воронин, Е.Г.Алиева, К.Спирмен, Симпсон, С.Н. Дегтярев, А.В.Морозов, Р.Стернбергтің пікірлерін талдап, олардың креативтілікті анықтауға қатысты ортақ тұжырымдарын көрсеткен.

«Тілдік қатынас» ұғымының мәнін ашып, тілдік қатынасты меңгертуді тілдің танымдық қызметімен бірлікте қарастырады. Бұл орайда Р.Сыздық, Қ.Жұбанов, Ф.Ш.Оразбаева, М.Балакев, С.Г.Гер-Минасовалардың пікіріне сүйеніп, коммуникация барысында сөзді тандап, талғап қолдануға үйрету және сөйлеу мәнеріне дағдыландыру арқылы оқушының креативті ойлауына жол ашамыз деп тұжырымдайды. Сөйлеу кезінде адамның ой-өрісі, интеллектуалдық әлеуеті, білімінің деңгейі, тұлғалық ерекшелігі, адами болмысы және т.б. қасиеттері қоса көрініс табатыны белгілі. Сондықтан, докторанттың "креативтіліктің тілдік қатысымдағы рөлі маңызды" деген пікірі өте орынды деп санаймыз.

Зерттеуде тілдік қатынас үдерісінде тұлғаның креативті ойлауын дамытудың философиялық негіздері Гераклит, Демокрит, Платон, Аристотель, **Әбу Насыр әл-Фараби**, **Жүсіп Баласағұн**, Қожа Ахмет Яссауи, В.Гумбольд, Спиноза, И.Кант, **Абайдың** еңбектеріне сүйене отырып анықталған. Философтардың барлығына ортақ ой - адамның ойлау қабілеті мен сөйлеу шеберлігінің байланыстылығы. Философтардың еңбектерін талдай келе, зерттеуші мынадай қадау-қадау ойлар айтады:

- Тұлға креативтілігінің бір шарты – адамның ақыл деңгейінің айқын танылуы.
- Тілдік қатынастағы креативтіліктің бір өлшемі адамдарға ізгілікті қатынас жасау.
- Креативтілік – мәселені дәл анықтай алу, бір ойдың айналасына бірнеше идеяларды үйіре білу.
- Тіл – ойды дамытуға қызмет ететін негізгі қор болса, сөз – сол қордағы ең басты құрал, ал сөйлеу – сол құралды қолдану әрекеті. Адамның креативтілігі дәл осы сөйлеу үдерісінде, тілдік қатынаста танылады.
- Сөзді өнер деңгейінде қолдану – креативтіліктің басты көрсеткіші. Креативтілік тапқырлықпен барабар болса, сөзге тапқырлық – сол қабілеттің басты өлшеуіші.
- Креативтілік – тұлғаның шығармашылық әлемімен тығыз ұштасып жатқан қабілеттің бірі.
- Шығармашылық биік рухтан туындайды.

Зерттеуші Абайдың іліміне сүйене отырып, креативті ойлау арқылы тұлғаның тілдік қатынасын қалыптастыруда "білім алушыларға адам табиғатындағы, жаратылысындағы сөздің мәнін түйсіндіру, әлеуметтік рөлін сезіндіру" ұстанымын басшылыққа алу қажеттігін дәйектейді. Бұл тілді оқыту барысында сөйлеуге басымдылық беруге, тілді ұлттық мұра деп тануға, тілді сөз өнерімен байланысты меңгертудің артықшылығын сезіндіруге жол ашады деп қорытады.

Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуда Жак Делор бастаған ғалымдар ұсынған оқушының құзіреттілігін дамытуға негіз болатын төрт "жұмсақ дағдыны" жіктейді. Олар: «тануға үйрену»; «әрекет етуге үйрену»; «әлеуметтенуге үйрену»; «өмір сүруге үйренуге». Бұл "жұмсақ дағдылар" қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлының «Баулу мектеп» атты мақаласында айтылғанын, оқушыларды оқыту арқылы өмір сүруге үйрету жолдарын өте шебер ашып көрсеткенін ғалым Ж.Дәулетбекованың еңбегіне сүйеніп талдайды.

Бейіндік мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінде креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың басты бағыттары айқындалған:

1. тіл мен ойлауды бірлікте оқыту арқылы, оқытудың танымдық және практикалық бағытын дамытты;
2. оқушыға дайын білімді ұсынбай, өздігінен білім алуына басымдылық беру;
3. "жұмсақ дағдыларды" дамытатын тапсырмаларды ұсыну;

4. «жаңаша ойлауға», «жаңаша шешім жасауға» мотивация тудыра отырып үйрету;
5. синергетикалық білім беру.

Әлеуметтік-психологиялық негіздерін айқындауда Абайдың, А.Байтұрсынұлы, Б.Хасанұлы, Д.Б.Богоявленская және т.б. ғалымдардың еңбектеріне тоқталған.

Бұл тараушада Ұлы Абайдың Ой мен Сөз тұтасымы туралы тұжырымдарын концептуалдық негіз ретінде дәйектеп ұсынған. Докторант тілдің әлеуметтік, психологиялық мәнін Абайдың "Сегіз аяқ" өлеңін талдап, салыстыру арқылы шебер аша білген. Мұнда баяншы мен тыңдаушының арасындағы психологиялық қарым-қатынас көркем сөзді жүрекке жеткізіп ерекше баяндау мен терең сезініп қабылдауға байланысты көрініс табатынын сипаттаған. Баяншы тарапынан өзгеше қисынды сөзбен өрнектеліп айтылған ой - нағыз креативті ойлай алатын тілдік қатынасы қалыптасқан тұлғаға тән қасиет деген ой түйінделеді. Ана тілін оқытуда Абай мен Ахметтің ойларының үндестігіне, ортақ тұжырымдарына ерекше назар аудару қажеттігін айтады.

Зерттеу мақсатына орай, бейіндік мектептегі қазақ тілін оқытуға қатысты оқу бағдарламасы мен ОӘК талданаған. 2000 мыңыншы жылдардың басындағы бейіндік мектепте 10-11-сыныптарында сөз мәдениеті мен шешендік өнерді теориялық және практикалық тұрғыдан арнайы оқытудың концепциясы жасалып, оқу бағдарламалары, оқулықтары жарық көрген. 2018 жылдан бастап, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары енгізіліп, ауқымды өзгерістер орын алған.

Мұнда тілді функционалдық тұрғыдан оқытудың орнын лексикалық-тақырыптық оқыту жүйесі алмастырғаны, тілдік білімдер шашыраңқылықпен ұсынылып, тілді оқушының креативті ойлау қабілетін оятудың басты факторына айналдыру міндеті назардан тыс қалғандығы айтылған. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін докторант зерттеу жұмысында оқушының ой-өрісін, "ой тереңдігі, ой дербестігі, ой икемділігі, ой жүйріктігі, ой сындарлылығы" сияқты қабілеттерін арттыратын тапсырмалар дайындауды мақсат еткен және жұмыс барысында сол мақсатына жеткен.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, «креативті ойлауға жеткізетін сатыларды жіктеген: пайымды ойлау; сыни ойлау; логикалық ойлау; өнімді ойлау. Әр сатыда орындалатын тапсырмалардың ерекшеліген ашып, қандай дағдыларды қалаптастыратынын айқындаған.

Ғалым С.Р.Яголковский еңбегіне сүйене отырып, креативтілік пен шығармашылықтың бір-бірінен бөлінбейтін қырларын бес деңгейге бөліп қарастырған.

Сонымен қатар Маслоу, Д.А.Иванов, О.Е.Лебедев, Е.Я.Коган, Қ.Ө.Есенова, Г.Б. Бакауова, Ә.Әлметова, Р.С.Рахметова және т.б. ғалымдардың тұжырымдары қарастырылған.

Оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық шарттарын анықтауда зерттеуші Абайдың қара сөздеріне, Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой-тұжырымдарына жүгінген. Абайдың 14-

қара сөзінде айтылатын екі қасиет - адам бойындағы ізгілік пен ыстық қайрат, қайсар рух креативті тұлғаға тән қасиет деп айқындайды.

Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың төмендегідей педагогикалық шарттарын ұсынды:

1. Оқушылардың өз өміріне қатысты ең маңызды мәселені проблема етіп қою. Бұл бағдарда «білім алушылардың заттар мен құбылыстарға қатынасы» басшылыққа алынады.

2. Ерекше идея туғызатын тапсырмаларды құрастыру. Онда «адам мен әлемнің бірлігі идеясы» басшылыққа алынады.

3. Жеткіншекті өзіндік көзқарасын, идеясын айтуға, жазуға, қорғауға үйрету. Бұл педагогикалық үдерісте рефлексиялық көзқарас басшылыққа алынады. Аталған шарттардың орындалуы (Бұл Жан-Жак Руссо) «баланы өмір сүруге үйрету» қағидағасына, әлемді тануына, әлеуметтік көзқарасының дамуына сай келеді деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар түпкі нәтижеге қол жеткізуге ықпал ететін арнайы ұстанымдар жіктелген: танымдық ұстаным, функционалдық ұстанымы экстралингвистикалық ұстаным. прагматикалық ұстаным.

2-ші тарауда жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай бейіндік мектептердің 10-11 сыныптарында оқушылардың креативті ойлауын дамыту арқылы тілдік қатынас мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелері анықталып, оқу бағдарламалары мен оқулықтарда қамтылуы талданған. Эксперимент материалдары бойынша сынақ жұмыстары ұйымдастырылып, қалыптастырушы, қорытынды эксперимент жүргізілген.

Анықтау эксперименті кезеңінде қазіргі қолданыста жүрген қазақ тілін оқытудың нормативтік-базалық құжаттарына талдау жасалған.

Ал қалыптастырушы эксперимент материалдары жаңартылған мазмұнға сәйкес қайта жасалып, сынақтан өткізілген.

Еңбекте тәуелсіздік алған кезеңде дайындалған оқу бағдарламалары мен "жаңа буын оқулықтары" деген атауға ие болған алғашқы оқулықтар және қазіргі қолданыстағы оқу бағдарламалары мен оқулықтарына қатар шолу жасалып, олардың арасындағы сабақтастық пен ерекшеліктер салыстырмалы түрде талданған.

Дәстүрлі мектептегі оқу-нормативтік құжаттар мен қолданыстағы оқу-нормативтік құжаттарға салыстырмалы талдау негізінде тұжырымдар жасалған. Онда қазір тілшілер мен әдіскер-ғалымдар тарапынан айтылып жүрген өзекті мәселелер орынды көрініс тапқан.

Ары қарай оқулықтардың мазмұны салыстырмалы түрде талданған.

Эксперимент жұмысын жүргізу үшін оқушының креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар дайындауда 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары басшылыққа алынған.

Қалыптастырушы эксперимент кезінде оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға қажетті тапсырмалар сөйлесім әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) түрлері бойынша әзірленген. Және зерттеу жұмысының басым бағыты ретінде оқушылардың

өзара тілдесім дағдыларын дамытуға қажетті тапсырмалар ұйымдастырылған.

Анықтау эксперименті кезеңінде оқушының креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалардың үлес салмағын білу үшін жаңартылған білім беру бағытында жазылған оқулықтар сараланған. Қолданыстағы жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныпта және 11-сыныптарда оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің оқулықтарына осы тұрғыдан талдау жасалып, нәтижесі берілген (10-сынып оқулығы: Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Л.Жүмекенова; 11-сынып оқулығы: Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Ф.Юсуп, А.Сарыбаева)

Мұнда тапсырмалардың жалпы саны мен оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша нақты көрсетілген. Оқулықта СӘ түрлері толық қамтылған және оқушының ойлауы мен сөйлеуіне қажетті қызықты, ойландыратын тапсырмалар жүйелі түрде берілгені айқындалған.

Дегенмен, оқушылардың креативті ойлауын дамытатын жұптық, топтық, ұжымдық формада орындалатын тапсырмалар жеткіліксіз, сондықтан әлі де болса қосу керек деген тұжырым жасалған.

Анықтау эксперименті кезінде оқушылардың өздерінің креативтілік қабілетін бағалауға қатысты сауалнамалар ұсынылып, оның нәтижесі графикамен берілген.

Жұмыста қалыптастырушы эксперименттің мақсат-міндеттері айқындалып, оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар дайындалып оқушыларға ұсынылған. Тапсырмаларды дайындауда «осы жерде және қазір» қағидасы ұстанылып, нақты критерийлер бойынша сараланған. Креативті және креативті емес тапсырмаларға тән ерекшеліктер айқындалған. Мұнда «Ойна да ойлан!», «Сөздің ұлттық-мәдени кодын тап», «Қазақ тілі» сайтына атау ойлап табу», «Дітін орындату», «Аукцион», «Ассоциациялар ойлап табу», "Өлеңді жалғастыру" және т.б. тапсырмалар жүйесі дайындалып, тапсырмалардың мақсаты, орындау талаптары, "күтілетін нәтижелері" анықталып берілген. Ерекше тоқталатын жайт, профессор Алма Қыраубаева ұсынған әдістер бойынша іріктелген шоғырлы тапсырмалар да экспериментке қойылған («Креативті тапсырмалар шоғыры»). «Үшбу хат», «Әуенді өрімдер», «Ғажайып көрме», «Ой күмбезі», «Ұқсастықтар ұстаханасы» әдістері кеңінен қолданылған. Сонымен қатар Дайын ақпараттарды «өңдеп» қолдану арқылы ойлау мен сөйлеуге үйретуге бағытталған тапсырмалар, Эссе жазу арқылы креативті ойлау мен тілдік қатынас дағдыларын жетілдіру тапсырмалары орындатылған.

Оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынасын қатар дамыту мәселесінің жайына байланысты практик-мамандардың пікірін білу, ой тұжырымдау мақсатында сауалнамалар берілген.

Мәтінді жан-жақты талдау әдісін жүзеге асыру барысындағы мұғалім мен оқушының әрекеттері нақты жіктеліп көрсетілген. Оқушылардың тілдік

қатынаста көріктеуіш құралдарды пайдаланып сөйлеу дағдыларының және тілдесім әрекеттерінде ұлттық сөз әдебіне тән сөз оралымдарын, этикеттік клишелерді пайдалана алу көрсеткіштері, өз сөзін дәлелдеу, дәйектеу дағдыларының даму көрсеткіштері, креативтілік дағдыларының қалыптасу деңгейлері пайыздық тұрғыда көрсетілген.

Қорытынды бөлімде ғылыми еңбектердегі ой-пікірлер мен эксперимент жұмыстарының нәтижелеріне сүйеніп, 9 тұжырым жасалды.

"6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бойынша Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының "Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері" (10-11-сыныптар) тақырыбындағы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкес диссертация жұмысы толық аяқталған, өз мақсатына қол жеткізген, ғылыми-теориялық жаңалығы айқын зерттеу жұмысы аяқталған жұмыс деп бағалаймыз. Ал еңбектің авторы Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық. Жұмыстың материалдары мол, шынайы, жоғары деңгейде орындалған.

Пікір беруші:

П.ғ.д. профессор



Ф.Ш. Оразбаева